

Жаттықтырушыларға арналған Тренингке қатысу жөніндегі байқау ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже Жаттықтырушыларға арналған Тренингке (ЖаТ) ақысыз негізде қатысуға арналған байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, қатысушылардың санатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Байқау білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогтардың кәсіби дамуын ынталандыру мақсатында өткізіледі.
3. Байқауды ұйымдастырушы: «El Umiti» қоры» КҚ.
4. Байқауға қатысушылар: Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары.
5. Байқауды өткізу мерзімі – 2025 жылдың 14 қазанынан 5 қарашаға дейін.
6. Өткізу форматы: аралас.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТА

7. Байқауға қатысу үшін қатысушыға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Сараптамалық кеңесімен келісілген «XXI ғасыр дағдылары: оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату» курсы бойынша <https://smartustaz.kz/> платформасындағы (40 академиялық сағат) оқудан толық өтіп (қазақ немесе орыс тілінде) сертификат алу қажет:

8. В 2025 жылдың 4 қарашасына дейін қатысушыға келесі сілтеме бойынша өтінім беру қажет: <https://activities.smartustaz.kz/> («Байқауға өтінім беру» бөлімі) және **мотивациялық хат** жазуы керек. Мотивациялық хат сұрақтарға толық әрі жан-жақты жауаптарды қамтуы тиіс. Жауаптарды қазылар алқасы балдарға сәйкес бағалайтын болады.

9. 4 (төрт) жеңімпаз (бұдан әрі – Тренингке қатысушылар) **2025 жылғы 14-16 қараша** аралығында Астана қаласында өтетін 3 күндік жаттықтырушыларға арналған тренингке шақырылады. Жеңімпаздардың жол жүру (теміржол және автокөлік), тамақтану (таңғы ас, түскі ас) және тұру шығындары **шақырушы тарап есебінен** қамтамасыз етіледі. Басқа шығындар қарастырылмаған.

10. Өтінімдерді Байқау ұйымдастырушысы бекіткен Қазылар алқасы қарастырады. Байқау қорытындысы **2025 жылдың 5 қарашасында** Instagram-дағы ресми smartustaz.kz парақшасында және Smart Ustaz жобасының сайтында жарияланады.

11. Ұйымдастырушы талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамауға құқылы.

12. Байқау жеңімпаздарының қатарына кірмеген қатысушылар Жаттықтырушыларға арналған тренингке (ЖаТ) ақылы негізде қатыса алады. Қатысу құны ҚҚС-сыз 50 000 (елу мың) теңгені құрайды.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13. Тренингке қатысушылар 2 жыл бойы Smart Ustaz имиджін насихаттайды (пікірлер, әлеуметтік желілердегі стористер, Ұйымдастырушының сұрауы бойынша сауалнамалар дан өту және т.б.).

14. Байқауға/Жаттықтырушыларға арналған тренингке қатысу қатысушының осы Ережемен толық келісетінін, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге келісетінін білдіреді.

15. Ұйымдастырушы кез келген уақытта осы Ережеге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы. Ереже Ұйымдастырушының сайтында жарияланады.

<https://activities.smartustaz.kz/> сайтындағы өтінім формасы

ӨТІНІМ	
Т.А.Ә.	
ЖСН	
Тұратын орны	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (e-mail)	
Мотивациялық хат *Мотивациялық хат сұрақтарға толық әрі жан-жақты жауаптарды қамтуы тиіс. Жауаптарды қазылар алқасы балдарға сәйкес бағалайтын болады.	
1. Сіз не үшін осы Байқауға қатысқыңыз келеді және тренинг барысында қандай дағдыларды меңгергізіз келеді?	
2. Алған білім мен дағдыларыңызды басқалардың икемді дағдыларын дамытуда қалай қолдануды жоспарлап отырсыз?	